



## "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 наурыздағы № 144 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 сәуірде № 2607 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 мамырдағы № 248 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 12.05.2016 № 248 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы Жарлығына сәйкес Сарыағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Сарыағаш ауданы әкімінің орынбасары Ә.Тұрдалинге жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Б.Парманов*

Сарыағаш ауданы әкімдігінің  
2014 жылғы 27 наурыздағы  
№ 144 қаулысымен бекітілген

**"Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі"**  
**мемлекеттік мекемесінің**

# ЕРЕЖЕСІ

## 1. Жалпы ережелер

1. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм салаларында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері. 160900, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш ауданы, Сарыағаш қаласы, Майлықожа көшесі нөмірсіз.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік органның құрылтайшысы Сарыағаш ауданының әкімдігі болып табылады.

10. Осы ереже "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметін қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттерінен, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі бюджетінен (сметасынан) жүзеге асырылады.

12. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер аудандық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ауданның өнеркәсіптік секторының бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз ету, кіші және орта бизнесті, туризмді және туристік индустрияны дамыту және қолдау.

14. Міндеттері:

1) мемлекеттік мекеменің қызметінің мақсаты мен мәні аудан аумағындағы кәсіпкерлікті қолдау және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

2) кәсіпкеліктің дамыған инфрақұрылымын қалыптастыруға қажетті құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, қаржылық және ұйымдастырушылық жағдайларын жасау;

3) аудандағы өнеркәсіп кәсіпорындарында шетелдік тауарлармен бәсекелесе алатын өнімдер шығару үшін озық техника мен технологияны өндіріске енгізу шараларын ұйымдастыру;

4) кәсіпкерлік субъектілеріне, өндіріс орындарын және шағын кәсіпкерлік нысандарын ашу мақсатында жеңілдетілген несие және басқа да несие алу барысында ұйымдастыру жұмыстарына белсенді қатысу;

5) кәсіпкерлік субъектілерін ақпараттық мәліметтермен қамтамасыз ету және оған қызмет ету жүйесін қалыптастыру;

6) туризмді және туристік индустрияны дамыту, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру шараларын ұйымдастыру.

15. Функциялары:

1) бірінші кезекте шешуді қажет ететін бюджеттік инвестициялық жобалардың (бағдарламалардың) тізімін қалыптастыру;

2) ауданның орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасын жасауда және атқаруда, кәсіпкерлік және өнеркәсіп дамуының жобасын әзірлеу, жасау және орындалуын қадағалау;

- 3) аудандағы шағын кәсіпкерліктің дамуы жөнінде аудан көлемінде тіркелген заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар бойынша көрсеткіштер мониторингін жүргізу;
- 4) аудандағы әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағаларына мониторинг жүргізе отырып, мемлекеттік бағаны тұрақтандыру саясатын жүзеге асыру;
- 5) сауданы дамыту мен реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың қалыптастырылуын және іске асырылуын қамтамасыз ету;
- 6) аудан тұрғындарына кіші және орта кәсіпкерлікті дамыту бойынша берілген несие көлемі жөнінде мәлімет жинақтап, тоқсан сайын талдау жүргізу;
- 7) аудан көлемінде орта және шағын кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларының орындалуын үйлестіру және әзірлеу;
- 8) аудан көлемінде туризмді және туристік индустрияны қолдау бағдарламаларының орындалуын үйлестіру және әзірлеу;
- 9) бөлімнің құзіретіне кіретін өңірлік бағдарламалардың бағыттарын жасау және орындалуын қадағалау;
- 10) сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту, отандық және шетелдік инвестицияларды тартуда бірінғай саясатты ұстану.

#### 16. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) мемлекеттік мекемелерден, мемлекеттің қатысуындағы заңды тұлғалардан және басқа да мемлекеттік мекемелерден, өзінің құзіреті шеңберінде қажетті мәліметтерді сұрауға құқылы;
- 2) бөлімнің құзіретіне кіретін мәселелер бойынша аудан әкімдігі мен аудандық маслихаттың шешімдері мен қаулыларының жобаларын дайындауға қатысады;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

Мемлекеттік мекемеге ережеде бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

17. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын аудан әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады

19. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің

бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) өзінің мамандарының міндеттерінің өкілеттілігін белгілейді;
- 2) қолданыстағы заңдарға сәйкес бөлімнің мамандарын қызметтерге тағайындайды және қызметтерден босатады;
- 3) бөлімнің қызметкерлеріне қолданыстағы заңдарға сәйкес тәртіптік шаралар қолданады;
- 4) бөлімнің бұйрықтарына қол қояды;
- 5) қолданыстағы заңдарға сәйкес мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарда өз қызметтерін ұсынады;
- 6) бөлімдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін дербес жауапты және тікелей міндетті болады;
- 7) қолданыстағы заңдарға сәйкес басқа да өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

20. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

21. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің аппаратын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын бірінші басшысы басқарады.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік аудандық коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органдағы жұмыс тәртібі**

25. Мемлекеттік органның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **6. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. "Сарыағаш ауданының кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.